

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе облыстық
мемлекеттік университеті



ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯ





Сабақтың мақсаты: адамды жан – жақты және үйлесімді дамыту, Әлеуметтік және өндірістік жұмыстардың технологиялары мен әдістерінің маңызын ашып қарастыру.

Сабақтың міндеті:



Жоспар:

- I. Технология туралы ұғым, артықшылықтары.
- II. Педагогикалық технологияның мақсаты, салалары.
- III. Өндірістік технология.
- IV. Әлеуметтік технология.
- V. Өндірістік және әлеуметтік технологияның артықшылықтары.
- VI. Оқыту процесіндегі технологиялық процесс



- Технология — өнім алу үшін керекті материалдарды өндеу әдістері мен өнім шығаруға керекті жүйелі процесс.
- Кез келген технологияның (өндірістік, әлеуметтік) негізгі бөлігі - түпкі нәтижені мұқият анықтау және оған жету.
- Процестің жобасы жақсы болса, шығарылатын өнімнің қандай болатындығы анықталса, оны жасау құралдары белгіленсе, жағдай жасалса, онда өндірістік және әлеуметтік саладағы процестер "технология" деген атауға ие болады.



- Технологияның артықшылықтары. Әдістемеге қарағанда технологияның артықшылықтары көп.
- Біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. Технологияда мақсат негізгі болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.
- Екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықтан, оған жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.
- Үшіншіден, мұғалім дайындықсыз оқыту процесін жүзеге асыра алмайды.
- Төртіншіден, әдістемеді сабақ жоспарлары - мұғалімнің жоспары, оқыту процесінде жұмыс істейтін мұғалім. Ал технологияда оқушылардың оқу іс-әрекетінің түрлі ері және мазмұны көрсетілген жоба жасалады. Әдістеме бойынша әр мұғалім сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақта оқушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.



- Өндірістік және әлеуметтік технологиялардың айырмашылықтары. Технологиялар өндірістік және әлеуметтік деп екіге бөлінеді. Өндірістікке табиғи шикізаттарды (мұнай, ағаш, т.б.) өңдеу технологиясы немесе одан алынған өнімдер жатады.
- Әлеуметтік технологияда адаммен жұмыс істеліп, оның басты бір немесе бірнеше қасиеттері өзгертіледі. Әлеуметтік технологияға оқушыларды оқыту технологиясын жатқызуға болады. Әлеуметтік технологияның өндірістік технологиядан көп айырмашылығы бар. Басты айырмашылығы - өндірістік технологияның нақты жүйелі операциялардан тұруында. Бір жерде өзгеріс болса, іс-қимылдардың орындары алмастырылып, нәтиже төмендейді.



- «Технология» гректің өнер, шеберлік, кез-келген қызметте затқа ықпал ету іскерлігі, бұнда техника белгіленген мақсатқа тез жетуде көмектесетін жолдар, тәсілдер мен амалдар ұғымынан шығып отыр. Осыдан, технология өндірістік үрдістерінің нақты логикасы, берілген параметрдегі бір нәрсенің өнімдерін жасауды қаматамасыз ету. Технология өндірістік үрдіс ретінде өзара байланысқан элементтер жүйесінен тұрады: мақсат — мазмұны — амал және іс-қимыл — нәтиже. Барлық үрдістік компоненттердің жиынтығы, оның қатал логикалық жүйелігі берілген параметрлердің қажет өнімдерін шығаруға қаншалықты кепіл береді. Технологиялық үрдістерді шешуде релевантты мақсатымызға сәйкес технология деген, физикалық, химиялық, механикалық, биологиялық заңдылықтарды зерттеп экономикалық жағынан пайдалы өндірістік үрдістердің анықтау мен ең тиімді пайдалану үшін жасалған ғылым да бар, яғни шикізатқа, материалға немесе жартылай өңделген өнімдерге ықпал жасайтын, өндірістің құралдарына сай ғылым.



- Өндірістік технология — бұл физикалық, химиялық және басқа табиғат заңдылықтарына негізделген материалдық үрдіс. Сондықтанда әлеуметтік саласында «технология» деген ұғым көп уақыт бойы қолданылмады.
- Қазіргі кезде «технология» ұғымы былай түсіндіріледі. Ол максатқа сай қызметті реттеу мен ұйымдастыру операциялары мен құралдарының жиынтығы: 1) объектіні өзгерту үрдісінің логикасына сай; 2) бірізділікті белгілеу; 3) кеңістік-уақыт аралығына сәйкестік; 4) берілген техника негізінде. Технология қызметті алгоритмдейтіндіктен болған сон, ол бірдей есептерді шығару үшін көп пайдалануға болады. Ол функционалды, өйткені:
 - үрдістің барысын керек орнына бағыттап, реттейді;
 - қызметті (іс-әрекетті) ереже, норма, стандартқа, шартқа сәйкес бақылайды;
 - жағдайға сәйкес берілген нәтиженің (өнімнің) көрсеткіштеріне кепілдік жасайды;
 - іс-әрекет үрдісінің ұтымдылығын қамтамасыз етеді. Сонымен, технология — тәртіпті, ережені, норманы, операциялар тізбегі,



- Ғылыми тұрғыда «технология» ұғымы өндірістік және әлеуметтік
- технология деп талатын үлкен екі бағытқа жіктеледі. Әлеуметтік технология
- – өндірістік технологиядан әлдеқайда ауқымды, жүзеге асыру жағынан
- күрделі, қалыптасу, даму жағынан ұзақ мерзімді қажет ететін үрдіс. Білім
- берудегі педагогикалық технологиялар қызмет ету сипаты тұрғысынан
- әлеуметтік технологияларға біршама жақын.
- Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру
- жүйесінің алдына мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Педагог-ғалымдар
- қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технологиясы терминін әр
- қырынан ашып көрсетуде. «Педагогикалық технология» термині ХХ
- ғасырдың 60-шы жылдары АҚШ пен Англияда қалыптасып, қазіргі уақытта
- практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне таралып, білім беру саласында
- кең өріс алуда. Соңғы кездерде білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын
- оқытудың елуден астам жаңа технологиялары практикаға енгізіліп, кеңінен
- пайдалануда